



ӘОЖ 327
ГТАХР 03.20
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.101(1).20

Оспанова А.К.*, Алиакбарова А.П. Габдулина А.Ж.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана, Қазақстан

*Корреспондент-авторы: ospanova_akmaral@mail.ru

E-mail: ospanova_akmaral@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯ АРАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН ИНТЕГРАЦИЯ

Аңдатпа. Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастық пен интеграциялық үдерістер тарихи, мәдени және тілдік байланыстары негізінде қалыптасып, дамып келе жатқан маңызды бағыттардың бірі. Бұл зерттеу екі елдің ғылыми байланыстарын тереңірек түсінуге және олардың тиімділігін арттыруға жаңа көзқарас ұсынуды көздейді. Мақалада Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастық ерекшеліктері, жетістіктері мен болашақ мүмкіндіктері талданып, екі елдің білім беру жүйелері мен ғылыми-зерттеу институттарының өзара ықпалдастығының болашақтағы даму мүмкіндіктері қарастырылған. Зерттеудің негізгі мақсаты – түркітілдес елдер арасындағы тарихи байланыстар негізінде қалыптасқан ғылыми интеграцияның маңыздылығын ашып көрсету, екі мемлекет арасындағы ғылыми және білім беру саласындағы өзара қарым-қатынастардың ерекшеліктерін және даму әлеуетін талдау. Зерттеуде тарихи-аналитикалық, салыстырмалы талдау әдістері, статистикалық талдау тәсілдері қолданылды. Аталған әдістер арқылы алынған деректер сапалық және сандық тұрғыдан талданып, Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастықтың қалыптасу тарихы мен перспективалары анықталды. Зерттеу әдістемесі екі ел арасындағы ынтымақтастықтың негізгі аспектілерін тереңірек түсінуге және болашақтағы бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді. Мақалада интеграцияның білім саласындағы маңызы мен оның екі елдің ғылыми қауымдастығы үшін әсері қарастырылады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың өзара тиімді және тұрақты дамуындағы мүмкіндіктерді түсінуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Қазақстан, Түркия, ғылыми ынтымақтастық, интеграция, білім беру, академиялық алмасулар, ғылыми зерттеулер.

Kipicne

Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастық пен интеграциялық үдерістер тарихи, мәдени және тілдік байланыстар негізінде қалыптасып, дамып келе жатқан маңызды бағыттардың бірі. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап, екі мемлекет арасындағы ғылым мен білім беру саласындағы қарым-қатынастар жаңа деңгейге көтеріліп, стратегиялық байланыстардың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Бұл ынтымақтастық түркі әлемінің ғылыми әлеуетін нығайтып қана қоймай, ортақ мәдени мұраны зерттеу, білім алмасу және жаңа ғылыми жобаларды жүзеге асыру арқылы халықаралық деңгейде екі елдің беделін арттыруға ықпал ететін маңызды қадам болып табылады. Түркияның ғылыми және технологиялық жетістіктері, сондай-ақ Қазақстанның білім беру саласындағы реформалары мен инновациялық бастамалары бұл байланыстардың жоғары деңгейде дамуына негіз қалыптастырып отыр. Қазіргі таңда Қазақстан мен Түркияның ғылыми интеграциясы тек екіжақты байланыстармен шектелмей, түркі халықтары арасындағы кең ауқымды ынтымақтастықтың үлгісіне айналуға бастады. Бұл үрдіс ғылыми жобалар мен бағдарламаларды іске асыру, бірлескен зерттеулер жүргізу, академиялық алмасулар және кадрларды даярлау арқылы одан әрі даму үстінде.

Түркия мен Қазақстан арасындағы білім және ғылым саласындағы қарым-қатынастар Қазақстан тәуелсіздік алуымен жүзеге аса бастады. Түркия Республикасы білім беру саласында Қазақстанмен байланыс орнатқан алғашқы елдің бірі. 1991 жылдан бастап, бүгінге дейін екі ел арасында білім беру саласында көптеген келісімдер мен хаттамаларға қол қойылды. Түркия Республикасы білім беру саласына ерекше көңіл бөліп, бұл бағытта оң қадамдар жасай бастады.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы 1990 жылы 25 қазанда егемендігін жариялағаннан бастап, Қазақ КСР-ның Мәдениет комитеті мен Түркия Республикасының Мәдениет министрлігі 1990



жылдың желтоқсан айында Алматыда ниет хаттамасына қол қойып, екі ел арасындағы қарым-қатынастардың негізін қалады [1; 27 б.]. Екі ел үкіметтері арасында жасалған бұл хаттама білім және ғылым, баспа және баспасөз, туризм, радио-теледидар, көлік, байланыс, экономика және сауда, кәсіптік білім беру секілді бағыттарды қамтыды [2; 162 б.]. Екі елдің білім министрлері арасындағы алғашқы келісім 1991 жылы 15 наурызда Алматыда, екінші келісім 1991 жылы 26 қыркүйекте Анкарада жасалды [3; 149 б.]. Қазақстанмен орнатылған бұл білім саласындағы қадамдар екі елдің бір-бірін жақсырақ түсініп, ынтымақтастық мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырды. Білім беру саласындағы нақты нәтижелер Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың (1889-1993 жж қызметтік мерзімі) шақыртуымен Анкараға келген сапарынан кейін артқаны байқалады [4; 81 б.].

1991 жылы осы ресми іссапардан кейін білім беру саласында төмендегідей келісімдер жасалды:

- 1991 жылдың 30 қыркүйегінде Анкара университеті мен Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті арасындағы ынтымақтастық туралы хаттама;

- 1991 жылдың 11 желтоқсанында Анкара университетінің ректоры мен Қазақстандық Өл-Фараби қоры арасындағы хаттама;

- 1991 жылдың 11 желтоқсанында Түркия Республикасының Ұлттық білім министрлігі мен Өл-Фараби қоры арасындағы хаттама [1, 28-30 бб.].

Білім саласында жасалған келісімдердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі – 1992 жылдың 1 мамырында Алматыда қол қойылған және 1993 жылдың 2 желтоқсанында күшіне енген «Білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» болды [5]. Аталмыш келісімді 1995 жылы жасалған «Білім министрлері мәлімдемесі» және 1997 жылдың 28 шілдесінде жасалған «Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық хаттамалары» толықтырды [6; 26-28 бб.]. Ресми келісім шарттар жасалғаннан кейін, екі мемлекет арасында білім және мәдениет саласында көптеген маңызды іс-шаралар өткізіле бастады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастық пен интеграциялық үдерістерді зерттеуде тарихи-аналитикалық әдістер, салыстырмалы талдау әдістері, статистикалық талдау тәсілдер қолданылды. Тарихи-аналитикалық әдіс арқылы екі ел арасындағы ғылыми қарым-қатынастардың қалыптасу және даму тарихын қарастыруға мүмкіндік берді. Қазақстан мен Түркия арасындағы білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықтың негізгі кезеңдері мен оқиғалары талданды. Сондай-ақ, тарихи мәліметтер арқылы қазіргі интеграциялық үдерістердің тарихы мен олардың маңызы айқындалды. Салыстырмалы талдау әдісі негізінде Қазақстан мен Түркияның ғылыми-инновациялық даму стратегияларын салыстыру арқылы екі ел арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастықтың ерекшеліктері айқындалды. Бұл әдіс ортақ мүмкіндіктер мен қиындықтарды анықтауға көмектесті. Зерттеуде қолданылған келесі бір әдіс - контент талдау. Бұл әдіс екі мемлекет арасындағы ғылыми ынтымақтастық аясындағы келісімдерді, бірлескен жобалар мен бағдарламалар туралы ақпараттарды жинақтап, ғылыми басшылар мен мәліметтер базасы зерттеліп, екі елдің ғылыми байланыстарын жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік берді. Статистикалық талдау әдісі ғылым және білім саласындағы ынтымақтастықтың сандық көрсеткіштері, атап айтқанда, Қазақстандық және Түркиялық жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастардың нақты көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік берді. Жоғарыда аталған әдістер арқылы алынған деректер тарихи тұрғыдан сараланып, талдаудан өткізілді. Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастықтың қалыптасу кезеңдері мен перспективалары анықталды. Зерттеу әдістемесі екі ел арасындағы ынтымақтастықтың негізгі аспектілерін тереңірек түсінуге және болашақтағы бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми ынтымақтастық және интеграцияның дамуына қатысты бірқатар маңызды дереккөздер пайдаланылды. Зерттеу барысында Түркиялық зерттеуші ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынған. «Түркия мен түркі тілдес республикалар арасындағы келісімдер, қарым-қатынастар және іс-шаралар» [1] атты еңбекте 1990-1992 жылдары арасында Түркия мен Қазақстан арасындағы алғашқы келісімдер мен нәтижелері туралы кең көлемде ақпарат ұсынылған.

Түркияда білім алған М. Жылқышыбаеваның докторлық диссертациясы Қазақстан мен Түркия арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа арналғанымен, зерттеуінде екі мемлекет арасындағы білім саласындағы негізгі басымдықтарға қысқаша тоқталғанын көруімізге болады. Түркия мен Түркістан халықтары барасындағы тарихи байланысты зерттеп жүрген түрік тарихшысы М. Сарайдың еңбектерінде [3] түрік қоғамы мен Түркия арасындағы байланыстардың тарихи маңыздылығы ашып көрсетілген. Екі ел арасындағы ғылыми қарым-қатынастар мен білім беру саласындағы серіктестік туралы тың деректер Қазақстандық зерттеушілер А.Айпаева [6] және Е. Динмухаммед пен А.Айдарбектің [15]



«Kazak-Turkish Cooperation in the Field of Education, Procedia - Social and Behavioral Sciences» зерттеуінде білім беру саласындағы бағдарламалардың дамуы мен оның нәтижелері сипатталған.

Халықаралық деңгейде білім беру саясатының маңыздылығы туралы YÖK (Түркияның жоғары білім беру кеңесі) [22] статистикалық мәліметтері мен ТІКА-ның (Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігінің) жылдық есептері [9] білім беру саласындағы ынтымақтастық бағдарламаларының нәтижелерін көрсетті. Әсіресе, Халықаралық Түркі академиясының материалдары мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің қызметі туралы зерттеулер [23, 26, 27, 28] ғылыми-интеграциялық байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Түркі халықтарының интеграция процесі [19] екі ел арасындағы мәдени және ғылыми байланыстарды нығайтудағы негізгі аспектілердің бірі болып табылады. Сонымен қатар, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша мәліметтер [8; 11] мен білім саласындағы өзгерістердің маңыздылығы [16] қарастырылды. Жоғарыда көрсетілген материалдар Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың даму тенденцияларын зерттеуге қажетті негізгі ақпараттық базаны қамтамасыз етті. Бұл дереккөздер екі ел арасындағы ғылыми қарым-қатынастардың ағымдағы жағдайын, негізгі жетістіктерін және болашақтағы даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

Екі ел арасындағы жоғарыда аталған ынтымақтастық келісімдері негізінде көптеген қазақстандық студенттерге Түркияда жоғары білім алу мүмкіндігі берілді. Сонымен қатар, Түркияның Ұлттық Білім министрлігі (ҰБМ) шетелдегі түрік қауымдастықтарының тарихы, тілі, мәдениеті мен экономикалық құрылымын зерттеуге ерекше көңіл бөле бастады. Бұл мәселелер түрлі білім беру деңгейлеріне оқу пәні ретінде енгізілді. Жоғары оқу орындарында магистрлік және докторлық диссертациялар жазылып, ғылыми зерттеулер жүргізіліп, түркі әлеміне бағытталған конференциялар, симпозиумдар және семинарлар ұйымдастырылып, ғылыми журналдар жарық көре бастады [7; 26-29 бб.].

Түркияның Ұлттық білім министрлігі 1992 жылдан бері жыл сайын түрік мәдениеті мен білім жүйесін таныстыру семинарларын өткізуде [8; 35-41 бб.]. Түркия Жоғары білім кеңесінің мәліметтері бойынша, 1992 жылдан бастап жүзеге асырылып келе жатқан «Қазақстандық студенттерді оқыту бағдарламасы» аясында үш мыңға жуық қазақстандық студент Түркияның әртүрлі білім беру мекемелерінде білім алды. «Халықаралық полиция дайындау» жобасы арқылы 93 қазақстандық полиция қызметкеріне қылмыспен күрес бойынша практикалық оқу жұмыстары ұйымдастырылған [9]. 1992 жылдан бастап жаз айларында өткізілетін «Түрік тілін оқыту, түрік мәдениетін және ұлттық білім жүйесін таныстыру» тақырыбындағы семинарларға Қазақстаннан мыңдаған оқытушы білім алу мақсатында қатысқанын көруімізге болады. Сонымен қатар, 1992-1998 жылдары аралығында Түркиядан Қазақстанға 14 745 кітап және түрлі оқу құралдары жіберілген [10; 39 б.].

Қазіргі уақытта Қазақстанда жеке кәсіпкерлердің қолдауымен құрылған және Қазақстанның Білім министрлігіне қарасты жұмыс істейтін көптеген жеке білім беру мекемелері бар. Ортақ тарих пен мәдени мұраны зерттеуге және осы саладағы жұмыстарды бір орталықта жинауға бағытталған мемлекеттік мекемелер де жұмысын жалғастыруда. Солардың бірі – 1992 жылы Түркия Республикасы және Қазақстан арасында қол қойылған «Білім, ғылым, мәдениет және спорт салаларындағы ынтымақтастық туралы келісім» аясында құрылған - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Осы салада белсенді жұмыс істеп жатқан мекемелерге 1993 жылы құрылған «Түркі мәдениеті және өнерін дамыту халықаралық ұйымы» (ТҮРКСОЙ), 2007 жылы құрылған «Юнус Эмре институты» және 2010 жылы ашылған «Шетелдегі түріктер және ағайынды қауымдастықтар басқармасы» жатқызуымызға болады. Сонымен қатар, сол кезеңдегі Түркия Президенті Абдулла Гүлдің қатысуымен 2010 жылы ашылған «Халықаралық түркі академиясы», 1996 жылы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Түркия Президенті С.Демирелінің қатысуымен ашылған Сүлейман Демирели университеті, Жамбыл экономикалық колледжі және Қазақстанда жұмыс істейтін 31 қазақ-түрік лицейі (2016 жылдан бастап «Білім-инновация лицейі») маңызды мекемелер екі ел арасындағы келісім нәтижесінде құрылған болатын.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарынан бастап Қазақстандық және Түркиялық университеттер арасында отыздан астам келісімге қол қойылды. Осы келісімдердің нәтижесінде Түркиядан Қазақстанға және Қазақстаннан Түркияға шамамен үш жүз студент пен оқытушы бір аптадан бір жылға дейінгі аралықта іссапарлар жасап, студенттер мен оқытушылар алмасу бағдарламаларына қатысқан [11]. Қазіргі таңда Қазақстанда Түркия Республикасы азаматтарының бастамасымен ашылған 30-дан астам оқу орны жұмысын жалғастыруда.

1991 жылдан бері екі ел арасындағы білім саласындағы ынтымақтастық аясында түрік тілі Қазақстанда кеңінен оқытылып, үйретіліп келеді. Қазақстанның ірі қалаларында, атап айтқанда Алматы, Астана және Шымкентте түрік тілін оқыту (TÖMER) орталықтары өз жұмысын жалғастырып отыр. Сонымен қатар, Қызылорда Қорқыт Ата атындағы мемлекеттік университетінде, Астана Л.Н. Гумилев



атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Сүлейман Демирел университетінде, Шет тілдер және іскерлік мансап университеті, Алматы қыздар педагогикалық университетінде, Алматы Тұран университетінде, Халықаралық Қожа Ахмет Яссауи атындағы түрік-қазақ университетінде, Шығыс Қазақстан университетінде түркітану, түрік тілі мен әдебиеті бөлімдері немесе факультативті пәндер ретінде түрік тілі оқытылады [12; 141 б.]. Аталған университеттерде білім алған қазақстандық студенттер Түркия мен Қазақстан арасындағы білім және мәдениет саласындағы ынтымақтастыққа елеулі үлес қосуда. Түрік тілін және мәдениетін дамыту, түркі халықтары арасындағы «ортақ тіл» мәселесін шешу, түркі тарихына қатысты зерттеулер жүргізу мақсатында Астанада «Юнус Эмре институты, мәдени орталығы» және «Халықаралық Түрік Академиясы» сияқты білім беру саласындағы ұйымдар да екі мемлекеттің білім беру саласында оң ықпалын тигізіп отыр [13; 41 б.].

Жоғары білім беру кеңесінің мәліметтері бойынша, 1992 жылдан бастап жүзеге асырылған қазақ студенттерін оқыту бағдарламасы аясында 2703 қазақстандық студент Түркияның әртүрлі білім беру мекемелерінде білім алды. Бүгінгі күнге дейін бакалавриат және жоғары білім бағдарламаларын толық аяқтап, сәтті бітірген 1081 түлек және оқуын жалғастырып жатқан 794 студент бар [14]. Қазақстанда Түркияның білім беру жүйесі Қазақстанда үлкен танымалдыққа ие. Жоғарыда аталған барлық білім беру саласындағы келісімдер аясында жүзеге асырылған іс-шаралар Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени тұрғыда әлеммен интеграциялануында маңызды рөл атқаруда.

Үлкен студенттік жоба

Қазақстан мен Түркия арасындағы білім саласында жүзеге асырылған ең ірі жобалардың бірі – Үлкен Студенттік Жоба (Büyük Öğrenci Projesi) бағдарламасы. Түркия Республикасы 1992-1993 оқу жылынан бастап Орта Азиядағы түркі тілдес халықтар мен бұрынғы КСРО аймағынан келген студенттерге «Үлкен Студенттік Жоба (Büyük Öğrenci Projesi)» бағдарламасы аясында шәкіртақылар ұсына бастады [15; 191 б.]. 1992 жылы жүзеге асырылған бұл жоба тәуелсіздігін жаңа алған және экономикалық жағынан әлсіз түркі республикалары үшін білім саласында маңызды бастама болды. Сонымен қатар, бұл жоба Түркияның аймақтағы елдерге болашақта бағытталған саяси стратегиясын айқындауға ықпал ететін маңызды қадам ретінде қарастырылды [16].

Түркияның Ұлттық білім министрлігі аталмыш жоба аясында төмендегідей мақсаттардың жүзеге асырылуын көздеген болатын:

- Түркі республикалары мен түркі қауымдастықтарының білімді кадрларға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға жәрдемдесу;
- Түркияға оң көзқарасты ұстанатын жас ұрпақты тәрбиелеу және Түркі әлемімен тұрақты бауырластық пен достық қарым-қатынас құру;
- Түрік тілін үйрету және түрік мәдениетін таныту;
- Түркі әлемі елдері арасындағы қарым-қатынастарды нығайтып, үлкен бір ынтымақтастық желісін қалыптастыру [17].

Жоба аясында түркі республикаларынан Түркияға келген студенттердің шығындары Түркия тарапынан қаржыландырылды. Осы жоба кейбір сындарға ұшырағанына қарамастан (мысалы, гранттық негізде білім алған студенттердің оқуын аяқтамауы) Түркия мен түркі республикалары арасындағы қатынастарды нығайтқан және сондай-ақ мемлекеттердің ғылым, экономика және әлеуметтік салаларда ілгерілеуіне үлкен үлес қосқан жоба болды.

«Үлкен Студенттік Жоба» бағдарламасы 2012 жылы кеңейтіліп, «Түркия стипендиялары (Türkiye Bursları)» деген жаңа атауға ие болды. Жоба аясында бұрынғы қателіктер мен кемшіліктер ескеріліп, студенттерге жақсырақ мүмкіндіктер ұсынуға тырысты. Ауқымы кеңейтілген жаңа бағдарлама негізінде түркі халықтарынан тыс, Таяу Шығыс және Африка елдерінен де студенттер Түркияға білім алу үшін келе бастады. Бұрын бұл жоба Түркияның Ұлттық білім министрлігі тарапынан басқарылса, 2012 жылдан бастап «Шетелдегі Түріктер және Ағайын Қауымдастықтар Басқармасы» арқылы жүзеге асырылуда [18]. «Түркия стипендиялары» аясында «Шетелдегі түріктер және ағайын қауымдастықтар басқармасы» арқылы көптеген қазақ студенті Түркияда білім алу мүмкіндігіне ие болды [19]. «Үлкен студенттік жоба» Түркия мен түркі республикалары арасындағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени байланыстарды дамыту тұрғысынан маңызды жоба болса да, оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Түркия үшін үлкен қаржылық шығындарға әкелетін бұл жобаларда мүмкіндіктерді арттыру қажет болғанымен, ресурстарды тиімді пайдаланып, саннан гөрі сапаға баса назар аудару керек.

Қазақстаннан Түркияға алғаш рет 1992-1993 оқу жылында осы бағдарлама аясында 1377 студент жіберілген [8; 35-41 б.]. 1992-2006 жылдар аралығында Қазақстанға 4269 жоғары білім контингенті бөлініп, оның 2984-і пайдаланылып, 748 студент оқуын аяқтаған [20]. 2009 жылға қарай Қазақстанға 4625 контингент бөлініп, оның 3247-сі пайдаланылған, ал 894 студент оқуын тәмамдаған [21; 507 б.]. 2013-2014



жылдары университеттерде оқыған қазақ студенттерінің саны 1306 болса, 2016-2017 оқу жылында бұл сан 2015-ке жетті [16]. Түркия ұсынған мемлекеттік шәкіртақыдан бөлек, өз қаражатымен жоғары білім алу үшін Түркияға келген қазақ студенттерін қоса есептегенде, бұл көрсеткіштің қазір екі есеге өскенін айтуға болады. Түркиядағы университеттерге білім алу мақсатында студент жіберген елдер арасында Қазақстанның алғашқы ондыққа кіретіні байқалады.



1 – сурет. 2016-2017 оқу жылында Түркияда ЖОО-да білім алған қазақ студенттердің көрсеткіші [19].

Қазіргі уақытта мүмкіндіктердің артуымен қатар, жобалар аясында Түркияға білім алу мақсатында келетін студенттердің саны күннен-күнге өсуде. Түркияда білім алатын қазақ студенттері Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастарды дамытуда маңызды рөл атқаруда. Студенттердің докторлық және магистрлік зерттеу жұмыстары екіжақты қарым-қатынастардың білім беру саласына және Түркі бірлігіне қатысты зерттеулерге өз үлестерін қосады. Сондай-ақ, екі ел арасындағы білім беру саласындағы байланыстардың дамуына септігін тигізуде. Төмендегі (Кесте.1) Түркияның жоғары оқу орындарында білім алған қазақ студенттерінің сандық көрсеткіші (2016-2017) ұсынылған.

1 - Кесте - Түркия университеттерінде білім алған қазақ студенттерінің сандық көрсеткіші (2016-2017)[22]

Университет атауы	Еркек	Әйел	Барлығы
Abant İzzet Baysal Üniversitesi	1	0	1
Adnan Menderes Üniversitesi	2	1	3
Afyon Kocatepe Üniversitesi	2	3	5
Akdeniz Üniversitesi	21	38	59
Aksaray Üniversitesi	1	0	1
Alanya Alaaddin Keykubat Üniversitesi	1	1	2
Amasya Üniversitesi	1	1	2
Anadolu Üniversitesi	70	44	114
Ankara Sosyal Bilimler Üniversitesi	2	2	4
Ankara Üniversitesi	24	28	52
Ankara Yıldırım Beyazıt Üniversitesi	8	6	14
Ardahan Üniversitesi	13	7	20
Atatürk Üniversitesi	7	12	19



Atılım Üniversitesi	0	1	1
Bahçeşehir Üniversitesi	21	27	48
Balıkesir Üniversitesi	10	12	22
Bandırma Onyedli Eylül Üniversitesi	4	3	7
Başkent Üniversitesi	0	2	2
Bayburt Üniversitesi	1	0	1
Beykent Üniversitesi	8	4	12
Bezm-İ Âlem Vakıf Üniversitesi	1	0	1
Boğaziçi Üniversitesi	6	2	8
Bozok Üniversitesi	1	0	1
Bursa Teknik Üniversitesi	0	1	1
Bülent Ecevit Üniversitesi	5	4	9
Çağ Üniversitesi	0	1	1
Çanakkale On Sekiz Mart Üniversitesi	7	5	12
Çankaya Üniversitesi	1	0	1
Çukurova Üniversitesi	6	5	11
Doğuş Üniversitesi	0	4	4
Dokuz Eylül Üniversitesi	11	20	31
Dumlupınar Üniversitesi	7	2	9
Ege Üniversitesi	15	25	40
Erciyes Üniversitesi	31	17	48
Erzincan Üniversitesi	2	19	21
Eskişehir Osmangazi Üniversitesi	7	5	12
Fatih Sultan Mehmet Vakıf Üniversitesi	8	2	10
Барлығы	1048	967	2015

1990 жылға дейін КСРО-ның саяси билігі астында болған түркі халықтары мен Түркия арасындағы өте шектеулі қарым-қатынастар КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде және түркі республикаларының тәуелсіздік алуы арқылы жаңа деңгейге көтеріліп, осы кезеңде «Түркібірлігі» ұғымы жиі айтыла бастады.

Түркия мен тәуелсіздігін алған бес түркі республикасы арасында дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан бастап мәдени, тарихи, әлеуметтік және экономикалық салаларда ынтымақтастықты қамтамасыз ететін ортақ ұйымдар құрылып, бірлескен жобалар жүзеге асырылды. Түркібірлігін құру идеясы аясында құрылған ең маңызды ұйымдардың бірі – 2008 жылы құрылған ТүркіПА және 2009 жылы құрылған Түркі Кеңесі ұйымы. Әсіресе, түрік мәдениетін және тілін кеңінен тарату, танымал ету, түркі мемлекеттері арасында экономикалық, саяси және құқықтық ынтымақтастықты қамтамасыз ету, білім және ғылым саласындағы өзара әрекеттестікті арттыру үшін қызмет ететін бұл ұйымдар Түркия үшін де, түркі республикалары үшін де зор әлеуетке ие.

Түрік тілін және мәдениетін дамыту, түркі мемлекеттері арасында «ортақ байланыс тілі» мәселесін шешу, түрік тарихына үлес қосатын зерттеулер жүргізу үшін «Түркі университеттер бірлестігі» және «Түрік академиясы» сынды білім беру саласындағы үйлестіру мен ынтымақтастықты қамтамасыз ететін құрылымдар құрылған. Осы негізде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті сияқты бірлескен университет іске қосылып, түркі тарихы мен мәдениетін дамыту мақсатында әртүрлі аймақтардан студенттерге білім алу мүмкіндігін ұсынылып отыр.

Халықаралық түркі академиясы (ХТА)

Білім беру саласындағы тағы бір маңызды қадам – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен Астанада «Түркі Академиясының» құрылуы болды. Н.Назарбаев бұл ұсынысын 2009 жылы Әзербайжанның Нахчыван қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттердің мемлекет басшыларының IX саммитінде көтеріп, бұл бастамаға саммитке қатысқан өзге түркі республикаларының басшылары да қолдау білдірді [23; 599 б.]. Осылайша, Нахчыван саммитінен бірнеше ай өткен соң, 2010 жылғы 25 мамырда Түрік Академиясы құрылып, қызметін бастады. Академияның бастапқы атауы «Түркі Академиясы» болғанымен, 2012 жылғы 22-23 тамызда Қырғызстанның астанасы Бішкекте өткен «Түркітілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің» екінші саммитінде Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Түркия президенттері қол қойған келісіммен оның атауы «Халықаралық Түркі



Академиясы (ХТА)» болып өзгертілді [24]. Халықаралық Түркі Академиясының негізгі мақсаты – түркі халықтарының ортақ мәдениетін, тарихи және рухани рөлін зерттей отырып, түркі мемлекеттері мен халықтары арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайтуға, білім және ғылыми ынтымақтастықты арттыруға ықпал ету. Сондай-ақ, түркі халықтарының әлемдік өркениетке қосқан үлесін, адамзаттың тарихи және мәдени мұрасына қосқан үлесін айқындау [24; 600 б.]. Академияның басты зерттеу саласы – Түркі әлемі. Академия құрылған уақыттан бері 50-ден астам кітап шығарып, «Алтайтану және Түркология» және «GLOBAL Türk» атты екі ғылыми журналды жарыққа шығарды [25]. Жарияланымдары қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде басылады. Сонымен қатар, түркі әлемінде жұмыс істейтін беделді ғалымдарды біріктіретін ұлттық және халықаралық конференциялар, форумдар мен кездесулер ұйымдастырады [26]. Академияның жұмысы негізінен ғылыми жобалар арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, 2014 жылы Түрік Академиясы 36 ғылыми жобаны жүзеге асырды. Бұл жобаларға 13 елдің 200-ден астам ғалымы қатысты. Түркі халықтарының мәдени және тарихи мұрасын зерттеу үшін танымал түркологтар мен академиктермен бірлесіп «Қазіргі түркі қауымдастықтарының тұрақты дамуының негізі ретінде түркі тарихы мен мәдени құндылықтары» және «Жаһандану дәуіріндегі Түркі әлеміндегі саяси-экономикалық және әлеуметтік-мәдени үдерістер» атты екі ірі тақырып аясында академиялық жобаларды жүзеге асырып отыр [23; 600 б.]. Түркі академиясы тек түркі халықтарының ғалымдарын ғана емес, сонымен қатар тіл және мәдениет тұрғысынан жақын халықтардың зерттеушілерімен де ғылыми байланыс орнатуды көздейді [23; 601 б.]. Сондай-ақ, ежелден бері түркілермен көрші болып, ортақ тарих пен мәдениетті бөліскен халықтардың ғалымдарымен де академиялық қарым-қатынастарды одан әрі дамыту үстінде. Осы негізде, барлық түркі қауымдастықтарының мәдени мұрасын қамтитын ортақ басылымдар дайындау көзделуде. Мұндай қызметтің терең зерттеумен жүзеге асырылуы болашақта түркі әлемінің ынтымақтастығын нығайтуда, мәдени, экономикалық және саяси тұрғыдан бірігуіне алғышарт болмақ. Академияның құрамында көптеген түрколог ғалымдардың қатысуымен, ортақ зерттеулер нәтижесінде Түркі әлемі мұражайы, кітапхана, түркі тілдерінің сөздіктері және ортақ сөздік қоры жасалды. Бүгінде академия түркі республикаларын мәдени тұрғыда жақындастыратын, ортақ әліпби мен ортақ тарихи сананы қалыптастыруда маңызды ғылыми-зерттеу орталығына айналып отыр.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Қазақстан мен Түркия арасындағы білім беру саласындағы ірі жобалардың бірі – Қазақстанның Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Университеттің іргетасы 1991 жылғы 6 маусымда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шешімімен Кеңес Одағы ыдырауы қарсаңында Түркістан мемлекеттік университеті ретінде қаланған болатын. Білім ордасының басты міндеті: түркі тілдес халықтардың білім және мәдениет орталығы болған Түркістан қаласын дамыту, - деп белгіленді [27]. Алайда, 1992 жылғы 29 сәуір мен 1 мамыр аралығында өткен Алматы саммитінде жарияланған «Ортақ мәлімдеме» және 1992 жылғы 1 мамырда екі ел арасында қол қойылған «Білім, ғылым, мәдениет және спорт салаларындағы ынтымақтастық туралы келісімге» сәйкес Н. Назарбаев пен С. Демирелдің келіссөздері нәтижесінде Түркістан мемлекеттік университетін екі елдің ортақ университеті ету туралы шешім қабылданды [27].

1992 жылғы 31 қазанда түркі тілдес елдердің мемлекет басшылары қатысқан Анкара саммитінде «Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы келісім» жасалды [28; 617 б.]. Келісімге сәйкес, 10 адамнан тұратын үкіметаралық Қамқоршылық кеңесі құрылды, оның 5 мүшесін Қазақстан Республикасы Үкіметі, ал қалған 5 мүшесін Түркия Республикасы Үкіметі тағайындайды. Қамқоршылық кеңес университетті басқаруда екі тараптың теңдігін қамтамасыз етеді. Университет ректоры Қазақстан тарапынан, ал проректоры Түркияның Жоғары оқу орындары кеңесі тарапынан тағайындалады [28]. Осылайша, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті халықаралық, автономды мәртебеге ие, екі мемлекеттің ортақ университеті ретінде қызмет атқарып келеді. Мұнымен қатар, Түрік дүниесінің ұлы ойшылы және ортақ мұрасы Ахмет Яссауидің кесенесі орналасқан Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық Түрік-Қазақ университетінің құрылуы, Түркия Республикасының тәуелсіз Қазақстанмен байланыстарының алғашқы нақты қадамдарының бірі болды [28; 616 б.]. Университеттің мақсаты – түркітілдес елдер мен қауымдастықтардың жастарын біріктіріп, сапалы білім беру және заманауи оқу жүйесімен ғылыми зерттеулерде жетекші болу [29; 5 б.]. Бүгінде университет түркі жастарын біріктіретін алғашқы білім мен ғылым орталығына айналды. Сонымен қатар, университет екі ел арасындағы байланысты нығайтып, түркі бірлігін дамытуға және түркі қауымдастықтарын біріктіруге үлкен үлес қосты. Халықаралық деңгейдегі бұл университеттің оқу тілі қазақ тілі, түрік тілі, орыс тілі және ағылшын тілі болып белгіленген [30; 95 б.]. Университетте Қазақстанда қолданылатын оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқытылады [31; 79 б.].



Қазіргі таңда университетті дамыту жұмыстары жалғасуда. Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Қожа Ахмет Ясауи университеті Түркияның Хажеттепе, Гази, Стамбул университеттері бастаған 8 университетімен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасқан. Осы келісімдер аясында студенттер Түркияда бір семестр немесе бір жыл оқи алады, өндірістік тәжірибеден өтеді, Түркия оқытушылары Түркістанға ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді лекциялар мен конференциялар өткізуге жіберіледі, ал қазақ оқытушылары мен докторанттары Түркияға тәжірибе алмасу және тіл курстарына барады [28; 619 б.].

1994-1995 оқу жылынан бастап университет студенттерді қабылдай бастады. Осыған орай Түркия мен басқа да түркі мемлекеттерінен және қауымдастықтарынан студенттер Қазақстанға жіберілді [28; 618 б.]. 2014 жылғы деректер бойынша, университеттің 7 факультеті мен 1 жоғары мектебінде 56 бакалавриат, 29 магистратура, 9 докторантура бағдарламасы, медицина саласында 3 мамандық және 7 интернатура бағдарламасы бойынша білім берілед. Сонымен қатар, түркітілдес елдер мен қауымдастықтар арасындағы ғылыми, мәдени және рухани байланыстарды дамытуға ерекше мән беріледі. Университет қашықтықтан оқыту бағдарламаларын алғаш рет 2002 жылы Түркия түрікшесімен бастады. Университетте 14 мыңға жуық студент білім алады, оның ішінде 5433 студент – Түркиядан, 650-ге жуығы Қазақстаннан тыс жердегі түркі республикалары мен қауымдастықтардан келген (жалпы 32 түркі халықтарынан) [28; 618 б.].

Қожа Ахмет Ясауи университеті түркі әлемінен келген студенттер арасындағы мәдени байланыстарды нығайтуда маңызды рөл атқарып отыр. Орта Азиядағы түркі мемлекеттері мен Әзербайжаннан, сондай-ақ Саха, Хакасия, Башқұртстан сияқты көптеген түркі қауымдастықтарынан студенттер білім алуда (Кесте -3).

2 – Кесте. Түркия мен Қазақстандық студенттер саны [32]

Мемлекеттер	2013-2014
Қазақстан (Іштей оқу)	5.596
Қазақстан (Сырттай оқу)	1.930
Түркия(Іштей оқу)	159
Түркия (Сырттай оқу)	5.274
Басқа түркі тілдес халықтардан келген студенттер (іштей оқу)	644
Барлығы	13.603

2013-2014 оқу жылына сәйкес университетте барлығы 1077 академиялық қызметкер жұмыс істеген, оның ішінде 102 профессор, 312 доктор және 224 маман бар. Сонымен қатар, 4 профессор, 18 доцент және доктор Түркия Республикасының 44 азаматы жұмыс істейді [28]. Қазіргі таңда университеттің 15 факультетінде 17700 студент білім алуда, олардың 1160-ы 28 түрлі елден келген, ал 460 студент Түркия Республикасынан [15].

Ахмет Яссауи Халықаралық Түрік-Қазақ университеті түрік-қазақ достығының символы ретінде әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес барлық түрік әлемінің студенттеріне білім беруді жалғастыруда. Сондай-ақ, бұл университет түркі халықтары арасындағы білім, мәдениет және ғылыми байланыстардың дамуына маңызды үлес қосуда. Аталмыш университетте әлемнің көптеген елдерінен студенттер білім алып, құрамында Еуразия зерттеу институты сияқты бір ірі құрылым бар. Еуразия зерттеу институты 2014 жылы Алматыда құрылған ғылыми зерттеу орталығы болып табылады. Бұл орталықтың мақсаты Түрік тілін сөйлейтін мемлекеттер мен қауымдастықтарға қатысты ғылыми зерттеулер жүргізу, деректер жинау және осы саладағы жобаларды қолдау болып табылады.

Қазіргі таңда ортақ университетте әлемнің 32 елінен келген студенттер білім алуда, шамамен 12000 студент қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде 54 бакалавриат, 30 магистратура және 11 докторантура бағдарламасында оқу жүргізуде. 22 білім беру бағдарламасында қашықтықтан оқыту бағдарламалары белсенді жұмыс істейді. Анкарадағы TÜRTEP білім беру орталығы тарапынан 11 мамандық бойынша 7000 студент қашықтықтан білім алуда. Университеттің құрамында 4 ғылыми зерттеу орталығы мен Еуразия зерттеу институты бар, сонымен қатар 7 зертханасы және 70 зерттеу бөлімі жұмыс істейді.

Қожа Ахмет Яссауи Халықаралық Түрік-Қазақ университетінің төрт түрлі қалалардағы кампустарында, 15 факультетінде бакалавриат және магистратура деңгейінде көптеген студенттер білім алуда. Қожа Ахмет Яссауи университетінен басқа тағы бір Түрік жеке секторы тарапынан құрылған Сүлейман Демирел университеті де Қазақстандық білім саласында жоғары маңызға ие.



Түрік студенттерінің Қазақстанды таңдауында ең үлкен әсер ететін факторлар арзан өмір сүру және қол жетімділік болып табылады. Бұл факторлардан бөлек, білімді түрікше және ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларының болуы, сондай-ақ орыс тілінің кеңінен қолданылуы, дипломдардың Түркияда да жарамды болуы да оң әсерін тигізіп отыр. Тағы бір маңызды фактор – Түркия мен Қазақстан арасындағы тарихи, мәдени және тілдік байланыстар болып табылады [33; 191 б.].

Қорытынды

Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым саласындағы ынтымақтастық пен интеграциялық үдерістер екі мемлекет арасындағы білім беру, зерттеу және ғылыми жетістіктерді дамыту үшін маңыздылығы өте жоғары. Екі ел арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықтың қалыптасуы, әсіресе университеттер мен ғылыми институттар арасындағы байланыстар ортақ мәдени және тарихи мұраға негізделген ғылыми жетістіктердің жоғары деңгейде дамуын қамтамасыз етіп отыр.

Зерттеу барысында екі елдің білім беру жүйелері мен ғылыми-зерттеу институттарының интеграциясының қазіргі жағдайы мен болашақ әлеуеті талданды. Бұл ынтымақтастық тек ғылым мен білім саласында ғана емес, сонымен қатар түркітілдес елдердің ортақ мәдени-тарихи құндылықтарын нығайтуда да маңызды рөл атқарады. Тарихи-аналитикалық, салыстырмалы және статистикалық талдау әдістерінің нәтижесінде екі ел арасындағы ғылыми байланыстардың даму динамикасы айқындалды. Алдағы уақытта бұл қарым-қатынасты кеңейту үшін екіжақты келісімдерді нығайту, инновациялық зерттеулерге қолдау көрсету және бірлескен ғылыми инфрақұрылымды дамыту қажет. Бұл шаралар Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылым мен білім саласындағы ықпалдастықты одан әрі тереңдетіп, түркі әлемінің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми байланыстар тек қана білім алмасумен шектелмей, өзара мәдени, саяси және экономикалық байланыстардың нығаюына да септігін тигізуде. Бұл үдерістердің нәтижесінде екі елдің ғылыми қауымдастығы арасында жаңа идеялар, инновациялар мен болашақтағы ғылыми зерттеулердің дамуы үшін тұрақты негіз қалыптасады. Қорытындылай келе, Түркия мен Қазақстан арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың даму жолдары екі елдің болашағы үшін зор мүмкіндіктерге жол ашады. Жаңа зерттеу бағыттары, білім беру бағдарламалары және ғылыми жобалар арқылы бұл байланыстар нығайтып, екі халықтың ортақ мұрасын әрі қарай дамытуға ықпал етіп отыр. Қазақстан мен Түркия арасындағы ғылыми интеграцияның келешегі зор, ал оның нәтижелері тек екі елдің ғана емес, жалпы түркітілдес қауымдастықтың тұрақты дамуына үлес қосатын маңызды факторлардың бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri ve Türk Toplulukları Arasında Yapılan Anlaşmalar, İlişkiler ve Faaliyetler (1990–1992). Ankara: M.E.B., Türk Cumhuriyetleri ve Türk Toplulukları Daire Başkanlığı Yayınları, Yayın No. 1, Birinci Kitap, 1993. – 675 s.
- [2] Zhylyshybayeva M. Bölgesel Güç Dengesi Işığında Kazakistan'ın Güvenliği: Doktora Tezi. Ankara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Ankara, 2008. – 213 s.
- [3] Saray M. Kazak Türkleri Tarihi: *Kazakların Uyanışı*. İstanbul: Nesil Matbaacılık ve Yayıncılık San. ve Tic. A.Ş., 1993. – ss. 146–150.
- [4] Kazakistan Ülke Raporu. T.C. Dışişleri Bakanlığı, TİKA. Ankara, 1995. – 81 s.
- [5] Yasin İ. Türkiye–Kazakistan İlişkileri (2003–2017): Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Eskişehir Osmangazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Eskişehir, 2017. – 19 s.
- [6] Aypbayeva A. Kazakistan–Türkiye Bilim Alanındaki İlişkiler. *Akikat (Hakikat) Dergisi*, S. 2, 2002. – ss. 26–28.
- [7] Okur M. Türkiye’de Kazakistan Tarihi ve İlk Ülke Arasındaki İlişkiler Üzerine Yapılan Akademik Çalışmalar (1991–2013). *Kazakistan–Türkiye İlişkilerinin Geleceği Sempozyumu Bildirileri*. Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi Yayınları, 2015. – ss. 26–29.
- [8] Gözde E., Türk F. Türkiye’de Öğrenim Gören Orta Asyalı Öğrenciler. *Sosyal ve Beşeri Bilimler Dergisi*, C. 2, S. 1, 2010. – ss. 35–41.
- [9] TİKA. Faaliyet Raporu. URL: http://www.tika.gov.tr/tr/yayin/liste/tika_faaliyet_raporlari-22
- [10] BİLGESAM. Kazakistan’da Türkiye ve Türk Algısı. Rapor No. 44. Ankara, 2012. – 39 s.
- [11] Enver K. Türkiye ve Kazakistan Arasındaki Eğitim İlişkilerinin Temelleri ve Üniversiteler Arası İşbirliklerinin Önemi. Almatı Abay Üniversitesi’nde Gerçekleşen Sempozyum Bildirisi, 25.10.2013.
- [12] Davut Han A., Duygu B. Turkey–Kazakhstan Relations: An Overview of Mutual Relations Since the Collapse of the Soviet Union. *KNUV*, 2014, 4(42). – 141 s.
- [13] Zeidullayev Y. Kazakistan ve Türkiye’nin Karşılaştırılmalı İmajı: Üniversite Öğrencilerine Yönelik Ampirik Bir Araştırma: Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Ankara Üniversitesi, Ankara, 2006. – 41 s.



- [14] Kazakistan–Türkiye İlişkileri. URL: <http://www.msxlabs.org/forum/kazakistan/169771-kazakistan-turkiye-iliskileri.html>
- [15] Dinmukhammed A., Aidarbek A. Kazak–Turkish Cooperation in the Field of Education. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*, 143 (2014). – 191 s.
- [16] Selim Ö. Büyük Öğrenci Projesi’nden Türkiye Bursları Projesi’ne Geçiş Süreci ve Türkiye’nin Öğrenci Politikasındaki Değişim: Uzmanlık Tezi. Ankara, 2014. – 16 s.
- [17] Kavak Y., Başkan G. Türkiye’nin Türk Cumhuriyetleri, Türk ve Akraba Topluluklarına Yönelik Eğitim Politikaları ve Uygulamaları. *2000 Yılında Türk Millî Eğitim Örgütü ve Yönetimi Ulusal Sempozyumu*. Ankara: Tekişik Eğitim ve Araştırma Vakfı, 11–13 Ocak 2001.
- [18] Asker A. Türk Cumhuriyetleri Arasında Entegrasyon Sürecine İlişkin Bazı Hususlar. *Türk Diasporası ve Türk Dünyası Vizyon 2023*. Ed. Almagül İsina. Ankara: TASAM Yayınları, 2014. – ss. 149–152.
- [19] Emre B. Türkiye–Kazakistan İlişkileri ve Yüksek Eğitim Politikaları. *Journal of Social Sciences and Humanities*. URL: <https://dergipark.org.tr/download/article-file/437073>
- [20] Mustafa A. Türkiye’nin Avrasya Macerası 1989–2006 (Avrasya Üçlemesi II). I. Basım. Ankara: Nobel Yayınları. – 395 s.
- [21] Mustafa A. Kafkasya ve Orta Asya’yla İlişkiler. *Türk Dış Politikası: Kurtuluş Savaşı’ndan Bugüne Olgular, Belgeler, Yorumlar*, C. III (2001–2012). Ed. Baskın Oran. İstanbul: İletişim Yayınları, 2013. – s. 507.
- [22] YÖK. Yükseköğretim İstatistikleri. URL: <https://istatistik.yok.gov.tr/> (15.02.2018).
- [23] Kydyrali D. Uluslararası Türk Akademisi. *Türk Cumhuriyetleri ve Toplulukları Yıllığı 2013*. Ed. Murat Yılmaz, Turgut Demirtepe. Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, 2015. – 599 s.
- [24] Türk Akademisi Kuruluşunun Onaylanması Hakkında. 14 Haziran 2014, No: 657. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000657>
- [25] Uluslararası “Global Türk” Dergisi İlk Kez Yayınlandı. *Edebiyat Portalı*. URL: <http://edebiportal.kz/news/uluslararasi-global-turk-dergisi-ilk-kez-yayinlandi> (16.08.2015).
- [26] Türk Akademisi Arşiv Etiketleri. URL: <http://www.astanaakshamy.kz/?tag=turk-akademyasi>
- [27] Ahmet Yesevi Üniversitesi. Tarihçe. URL: <https://www.ayu.edu.tr/tarihce>
- [28] Çetin N. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi. *Türk Cumhuriyetleri ve Toplulukları Yıllığı 2013*. Ankara, 2015. – 617 s.
- [29] Boya A. Ahmet Yesevi Üniversitesi: Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Tarih ABD, Kayseri, 2008. – 5 s.
- [30] Kavak Y., Atanur G. Türkiye’nin Türk Cumhuriyetleri, Türk ve Akraba Topluluklarına Yönelik Eğitim Politikaları ve Uygulamaları. *Hacettepe Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi*, S. 20, 2001. – 95 s.
- [31] Tacibayev R. 1991–1996 Yıllarında Türkiye–Kazakistan İlişkileri: Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi. İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Tarih ABD, İstanbul, 1997. – 79 s.
- [32] Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı. Niceliksel Gelişimden Niteliksel Gelişime Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi (2008–2014). URL: http://www.ayu.edu.tr/static/kitaplar/faaliyet_raporu_tr_2014
- [33] Gürsel D. Yükseköğretimde Uluslararasılaşma Bağlamında Kazakistan ve Türkiye. *Kazakistan–Türkiye İlişkilerinin Geleceği Sempozyumu Bildirileri*. Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi, 2015. – 191 s.

REFERENCES

- [1] Türkiye ile Türk Cumhuriyetleri ve Türk Toplulukları Arasında Yapılan Anlaşmalar, İlişkiler ve Faaliyetler 1990–1992 [Agreements, Relations and Activities between Turkey and the Turkish Republics and Turkish Communities 1990–1992]. M.E.B. Ankara: Türk Cumhuriyetleri ve Türk Toplulukları Daire Başkanlığı Dairesi Yayınları, Yayın No. 1, Birinci Kitap, 1993. – 675 s. [in Turkish].
- [2] Zhylyshybayeva M. Bölgesel Güç Dengesi Işığında Kazakistan’ın Güvenliği [Kazakhstan's Security in Light of the Regional Balance of Power]. (Yayınlanmış Doktora Tezi). Ankara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2008. – 213 s. [in Turkish].
- [3] Saray M. Kazak Türkleri Tarihi “Kazakların Uyanışı” [History of Kazakh Turks]. İstanbul: Nesil Matbaacılık ve Yayıncılık San. ve Tic. A.Ş., 1993. – ss. 146–150. [in Turkish].
- [4] Kazakistan Ülke Raporu [Kazakhstan Country Report]. T.C. Dışişleri Bakanlığı, TİKA. Ankara, 1995. – 81 s. [in Turkish].
- [5] Yasin İ. Türkiye–Kazakistan İlişkileri (2003–2017) [Turkey–Kazakhstan Relations]. (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi). Eskişehir Osmangazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Eskişehir, 2017. – 19 s. [in Turkish].
- [6] Aypbayeva A. Kazakistan–Türkiye Bilim Alanındaki İlişkiler (Kazakhstan–Turkey Relations in the Field of Science). *Akikat (Hakikat) Dergisi*, S. 2, 2002. – ss. 26–28. [in Turkish].



- [7] Okur M. Türkiye’de Kazakistan Tarihi ve İlk Ülke Arasındaki İlişkiler Üzerine Yapılan Akademik Çalışmalar (1991–2013) [Academic Studies on the History of Kazakhstan and Relations Between the Two Countries in Turkey]. Kazakistan–Türkiye İlişkilerinin Geleceği Sempozyumu Bildirileri. Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi Yayınları, 2015. – ss. 26–29. [in Turkish].
- [8] Gözde E., Türk F. Türkiye’de Öğrenim Gören Orta Asyalı Öğrenciler [Central Asian Students Studying in Turkey]. Sosyal ve Beşeri Bilimler Dergisi, C. 2, S. 1, 2010. – ss. 35–41. [in Turkish].
- [9] TİKA. Faaliyet Raporu [Activity Report]. URL: http://www.tika.gov.tr/tr/yayin/liste/tika_faaliyet_raporlari-22 [in Turkish].
- [10] BİLGESAM. Bilge Adamlar Stratejik Araştırmalar Merkezi. Kazakistan’da Türkiye ve Türk Algısı [Turkey and Turkish Perception in Kazakhstan]. Rapor No. 44. Ankara, 2012. – 39 s. [in Turkish].
- [11] Enver K. Türkiye ve Kazakistan Arasındaki Eğitim İlişkilerinin Temelleri ve Üniversiteler Arası İşbirliklerinin Önemi [Fundamentals of Educational Relations Between Turkey and Kazakhstan]. Almatı Abay Üniversitesi’nde Gerçekleşen Sempozyum Bildirisi, 25.10.2013. [in Turkish].
- [12] Davut Han A., Duygu B. Turkey–Kazakhstan Relations: An Overview of Mutual Relations Since the Collapse of the Soviet Union. KNUV, 2014, 4(42). – 141 s.
- [13] Zeidullayev Y. Kazakistan ve Türkiye’nin Karşılaştırılmalı İmajı: Üniversite Öğrencilerine Yönelik Ampirik Bir Araştırma [Comparative Image of Kazakhstan and Turkey]. (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi). Ankara Üniversitesi, Ankara, 2006. – 41 s. [in Turkish].
- [14] Kazakistan–Türkiye İlişkileri [Kazakhstan–Turkey Relations]. URL: <http://www.msxlab.org/forum/kazakistan/169771-kazakistan-turkiye-iliskileri.html> [in Turkish].
- [15] Dinmukhammed A., Aidarbek A. Kazak–Turkish Cooperation in the Field of Education. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 143 (2014). – 191 s.
- [16] Selim Ö. Büyük Öğrenci Projesi’nden Türkiye Bursları Projesi’ne Geçiş Süreci ve Türkiye’nin Öğrenci Politikasındaki Değişim [Transition Process from the Great Student Project to Turkey Scholarships]. Uzmanlık Tezi. Ankara, 2014. – 16 s. [in Turkish].
- [17] Kavak Y., Başkan G. Türkiye’nin Türk Cumhuriyetleri, Türk ve Akraba Topluluklarına Yönelik Eğitim Politikaları ve Uygulamaları [Educational Policies and Practices]. Ankara: Tekişik Eğitim ve Araştırma Vakfı, 2001. – 11–13 Ocak. [in Turkish].
- [18] Asker A. Türk Cumhuriyetleri Arasında Entegrasyon Sürecine İlişkin Bazı Hususlar. Türk Diasporası ve Türk Dünyası Vizyon 2023. Ed. Almagül İsina. Ankara: TASAM Yayınları, 2014. – ss. 149–152. [in Turkish].
- [19] Emre B. Türkiye–Kazakistan İlişkileri ve Yüksek Eğitim Politikaları [Turkey–Kazakhstan Relations and Higher Education Policies]. Journal of Social Sciences and Humanities. URL: <https://dergipark.org.tr/download/article-file/437073> [in Turkish].
- [20] Mustafa A. Türkiye’nin Avrasya Macerası 1989–2006 (Avrasya Üçlemesi II) [Turkey’s Eurasian Adventure]. Ankara: Nobel Yayınları. – 395 s. [in Turkish].
- [21] Mustafa A. Kafkasya ve Orta Asya’yla İlişkiler [Relations with the Caucasus and Central Asia]. In: Baskın Oran (ed.). Türk Dış Politikası, C. III. İstanbul: İletişim Yayınları, 2013. – s. 507. [in Turkish].
- [22] YÖK. Yükseköğretim İstatistikleri. URL: <https://istatistik.yok.gov.tr/> (15.02.2018). [in Turkish].
- [23] Kırdyralı D. Uluslararası Türk Akademisi. Türk Cumhuriyetleri ve Toplulukları Yıllığı 2013 [International Turkish Academy]. Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, 2015. – 599 s. [in Turkish].
- [24] Türk Akademisi Kuruluşunun Onaylanması Hakkında [Approval of the Establishment of the Turkish Academy]. 14 Haziran 2014, No: 657. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000657> [in Turkish].
- [25] Uluslararası “Global Türk” Dergisi İlk Kez Yayınlandı [International “Global Turk” Magazine Published for the First Time]. Edebiyat Portalı. URL: <http://edebportal.kz/news/uluslararasi-global-turk-dergisi-ilk-kez-yayinlandi> (16.08.2015). [in Turkish].
- [26] Türk Akademisi Arşiv Etiketleri [Turkish Academy Archive Tag]. URL: <http://www.astanaakshamy.kz/?tag=turk-akademiyasi> [in Turkish].
- [27] Ahmet Yesevi Üniversitesi. Tarihçe [History]. URL: <https://www.ayu.edu.tr/tarihce> [in Turkish].
- [28] Çetin N. Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi. Türk Cumhuriyetleri ve Toplulukları Yıllığı 2013. Ankara, 2015. – 617 s. [in Turkish].
- [29] Boya A. Ahmet Yesevi Üniversitesi [Ahmet Yesevi University]. (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi). Erciyes Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Tarih ABD, 2008. – 5 s. [in Turkish].
- [30] Kavak Y., Atanur G. Türkiye’nin Türk Cumhuriyetleri, Türk ve Akraba Topluluklarına Yönelik Eğitim Politikaları ve Uygulamaları. Hacettepe Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, S. 20, 2001. – 95 s. [in Turkish].



[31] Tacibayev R. 1991–1996 Yıllarında Türkiye–Kazakistan İlişkileri [Turkey–Kazakhstan Relations in 1991–1996]. (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi). İstanbul Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Tarih ABD, İstanbul, 1997. – 79 s. [in Turkish].

[32] Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanlığı. Niceliksel Gelişimden Niteliksel Gelişime Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi (2008–2014). URL: http://www.ayu.edu.tr/static/kitaplar/faaliyet_raporu_tr_2014 [in Turkish].

[33] Gürsel D. Yükseköğretimde Uluslararasılaşma Bağlamında Kazakistan ve Türkiye [Kazakhstan and Turkey in the Context of Internationalization in Higher Education]. Kazakistan–Türkiye İlişkilerinin Geleceği Sempozyumu Bildirileri. Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi, 2015. – 191 s. [in Turkish].

Ospanova A.K., Aliakbarova A. P., Gabdulina A.Zh.
**COOPERATION AND INTEGRATION IN THE FIELD OF SCIENCE BETWEEN
KAZAKHSTAN AND TURKEY**

Annotation. Scientific cooperation and integration processes between Kazakhstan and Turkey have been established and developed based on their historical, cultural, and linguistic ties, making it one of the significant areas of collaboration. This study aims to provide a deeper understanding of the scientific connections between the two countries and to propose new perspectives for enhancing their effectiveness. The article examines the features, achievements, and future prospects of scientific cooperation between Kazakhstan and Turkey, focusing on the potential for further development of interaction between their education systems and research institutions. The primary goal of the research is to highlight the importance of scientific integration grounded in the historical, cultural, and linguistic connections among Turkic-speaking countries, as well as to analyze the peculiarities and potential for growth in scientific and educational relations between the two states. Historical-analytical, comparative analysis, and statistical analysis methods were employed in this study. These methods enabled the qualitative and quantitative analysis of data to determine the history and future prospects of scientific cooperation between Kazakhstan and Turkey. The methodology facilitated a deeper understanding of the key aspects of cooperation between the two countries and the identification of future directions. The article emphasizes the importance of integration in education and its impact on the scientific communities of both nations. The findings of the study provide insights into the opportunities for mutually beneficial and sustainable development of scientific cooperation between Kazakhstan and Turkey.

Keywords: Kazakhstan, Turkey, scientific cooperation, integration, education, academic exchange, scientific research.

Оспанова А.К., Алиакбарова А.П., Габдулина А.Ж.
**СОТРУДНИЧЕСТВО И ИНТЕГРАЦИЯ В ОБЛАСТИ НАУКИ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ
И ТУРЦИЕЙ**

Аннотация. Сотрудничество и интеграционные процессы в области науки между Казахстаном и Турцией формируются и развиваются на основе исторических, культурных и языковых связей, являясь одним из важных направлений. Данное исследование направлено на более глубокое понимание научных связей двух стран и предложение новых подходов к повышению их эффективности. В статье рассматриваются достижения и перспективы научного сотрудничества между Казахстаном и Турцией, а также возможности развития взаимодействия между образовательными системами и научно-исследовательскими институтами двух стран. Основной целью исследования является раскрытие значимости научной интеграции, сформированной на основе исторических, культурных и языковых связей тюркоязычных стран, а также анализ особенностей и потенциала развития научных и образовательных связей между двумя государствами. В исследовании применялись историко-аналитический, сравнительный методы анализа и статистические методы обработки данных. Полученные с помощью указанных методов данные были проанализированы как качественно, так и количественно, что позволило определить историю формирования и перспективы сотрудничества Казахстана и Турции в научной сфере. Методология исследования позволила глубже понять основные аспекты сотрудничества между двумя странами и определить его дальнейшие направления. В статье рассматривается значимость интеграции в сфере образования и ее влияние на научное сообщество двух стран. Результаты исследования дают возможность понять потенциал взаимовыгодного и устойчивого развития научного сотрудничества между Казахстаном и Турцией.

Ключевые слова: Казахстан, Турция, научное сотрудничество, интеграция, образование, академические обмены, научные исследования.